

Жосалы кенті бойынша жер участелері үшін салықтық төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін және жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2008 жылғы 06 қарашадағы № 76 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасында 2008 жылды 15 желтоқсанда № 10-5-99 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 маусымдағы № 100 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 15.06.2017 № 100 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 8-бабына, 11-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДА:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 26.07.2013 N 112 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жосалы кенті бойынша жер участелері үшін салықтық базалық ставкаларына түзету коэффициенттері және жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) 1, 2-қосымшаларға сәйкес бектілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 26.07.2013 N 112 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аудандық мәслихаттың кезектен

тыс 10-сессия төрағасы

Ә. Байбарақов

Аудандық мәслихат хатшысының

міндеттін атқарушы

Н. Барысова

Сызба нұсқаны қағаз жүзінде қараңыз

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы
6 қазандығы кезектен тыс
10-сессиясының N 76 шешіміне
N 2 қосымша

Салықтың базалық ставкасына түзету коэффициенттері

Салық салу мақсатындағы аймак нөмірі	Салықтың базалық ставкасына түзету коэффициенттері
I	1,5
II	1,2
III	1,0
IV	0,7
V	1,5

Аймақтық шекараларының сипаттамасы

Бағалау аймақтарының нөмірі	Аймак шекаралары және жер-кадастр кварталдарының нөмірі	Аймак көлемі
I	<p>Аймақтың солтүстігі Сейітжан Ахун көшесінен басталып шығысқа қарай Мұсірбаев көшесімен жалғасып Томанов көшесінен төменге қарай М.Шокай көшесіне түсіп Момышұлы көшесінің бойымен Мұратбаев көшесімен шектеседі. Әрі қарай Мұратбаев пен Көмекбаев көшесінің қылышынан солтүстікке қарай Ораз Ахун көшесіне түсіп батысқа қарай Тоғанас батыр көшесінің бойымен Өмірбаев көшесінен шығысқа қарай бұрылышы Көмекбаев көшесіне дейін, әрі қарай Мұсірбаев көшесінің бойымен темір жолға түсіп Ишанов көшесімен солтүстікке қарай Ауэзов пен Сейітжан Ахун көшесінің қылышымен тұйықталады.</p> <p>(001,002,003 кварталдары)</p>	284,02 гектар
II	<p>Бұл бөліктегі аймак шекарасын Амангелді көшесімен бастап шығысқа қарай Ораз Ахун көшесіне түсіп және темір жолдың бойымен төменге қарай Тоқтаров көшесіне түседі, әрі қарай Момышұлы көшесімен Мырзагалиев көшесіне түсіп Амангелді көшесімен Сырдария өзенінің бойымен Жагалау көшесімен Қармақшы кентінің батыс жағы Төребай би көшесі аумағын қамтиды. Төребай би, Әлібай Ахун көшелерінің алдыңғы жағын бойлай Железнодорожный көшесінің бас жағымен солтүстігі темір жолмен төменге қарай Мұсірбаев көшесінің бойымен Көмекбаев көшесінің солтүстік бағытына қарай бір кварталдан кейін Өміров көшесіне түсіп оңтүстікке қарай Тоғанас батыр көшесін бойлай Ораз Ахун түйігімен бір квартал шығысқа қарай бойлап, F.Мұратбаев көшесіне түсіп Момышұлы көшесімен қылышысып, шығыс болігінен Амангелді көшесін бойлай, солтүстік шығысына Ораз Ахун көшесімен темір жолмен Тоқтаров көшесінің қылышына шектеседі.</p> <p>(001,002 кварталдары)</p>	312,9 гектар
	<p>Аймак шекарасы шығыс жағында орналасқан Шумилов көшесінен каналдың бойымен оңтүстікке қарай Жаназаров көшесі, әрі қарай Қазан көшесінің бойымен М.Шокай көшесіне түседі. Шокай көшесі мен Әбдікешов көшесінің қылышынан оңтүстікке қарай Томанов көшесіне түседі. Әрі қарай Мұсірбаев көшесінің бойымен Сейітжан Ахун көшесі, Ауэзов көшесімен қылышысып Ишанов көшесіне</p>	

III	түседі. Әрі қарай, оңтүстік батысқа қарай Сейітжан Ахун, Жастар көшелерінің аяқ жағымен солтүстікке қарай каналдың бойымен Мұсірбаев көшесі және Ауэзов көшесінің қиылсымен Солтүстік шығысқа қарай Шумилов көшесімен аймақ шектеседі. (003,004 кварталдары)	117,6 гектар
IV	Аймақ шекарасы солтүстік жағында орналасқан Шумилов көшесінің бойымен Байтереков көшесінде орналасқан каналдың бойымен төменге қарай темір жолға дейін шектеседі, темір жолдың бойымен Жосалы кентінің шекарасының бойыменен солтүстікке қарай және батысқа қарай бұрылыш аймақ шекарасын аяқтайды. (004 квартал)	207,37 гектар
V	Аймақ шекарасы Жосалы кенті шегінің солтүстік бөлігі каналмен және солтүстік батыс бөлігіндегі өндірістік база шоғырланған. (002,003 кварталдары)	178,5 гектар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК